

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D02308 – Әдебиеттану

Білім беру бағдарламасының мақсаты	Жан-жақты білімді, сыни тұрғыда ойлай алатын қазіргі заманғы әдебиеттану саласы бойынша әдебиеттің заманауи проблемаларымен, бәсекелестікке төтеп бере алатын, азаматтық көзқарасы айқын заман талаптарына лайық докторанттар дайындау.
Кәсіби қызмет түрлері	<p>Білім беру (педагогикалық): жоғары оқу орындарында сабақ беру; оқыту үдерісін ұйымдастыру және тәрбие беру, педагогикалық үдерістерді жоспарлау және басқару, диагностика, түзету, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін болжау; инновациялық тәжірибелерді зерттеу, қорыту, тарату.</p> <p>Оқу-тәрбие: Жеке тұлға мен ұжым қалыптастыруда тәрбие жұмыстарын жоспарлау және жүзеге асыру; тәрбие мен білім берудің әртүрлі формалары мен әдістерін сұрыптап таңдап қолдану және пайдалану.</p> <p>Оқыту технологиялары: білім беру үдерісінде озық инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану; әдебиетті оқыту мен зерттеуде ақпараттық коммуникациялық құралдар мен технологияларды ақпараттарды іздеу үдерісін ұйымдастыруға және оларды өңдеуге қатысу.</p> <p>Әлеуметтік-педагогикалық: білім алушыларды тәрбиелеу және жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу және педагогикалық қолдау көрсету; іскерлік әдеп нормаларын, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын, тартымдылықтың жеке тұлғалық деңгейін объективті бағалауды қалыптастыру; дене, рухани және интеллектуалдық тұрғыдан өзін-өзі дамытудың амалдарын меңгерту, психологиялық сауаттылығын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Ғылыми-зерттеу: әдебиеттанудың теориялық және қолданбалы өзекті мәселелерін зерттеу, осы салада тәжірибелік жұмыстар жүргізу. Отандық және әлемдік ғылыми жаңалықтарды әдебиетті оқыту үшін зерттеу, эксперименттер жүргізу және оның нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу.</p> <p>Басқару-ұйымдастыру: мемлекеттік құрылымның әртүрлі деңгейіндегі өндірістік-басқару қызметі. білім беру (педагогикалық) және ғылыми зерттеу аясындағы ұйымдастыру және басқарумен байланысты кәсіби әрекеттер:</p> <p>Ақпараттық технология: ақпараттық коммуникативті технологияларды білім беру саласында және әдебиеттанулық зерттеулерде пайдалану.</p>
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)	<p>ОН-1 Гуманитарлық білім беру саласындағы халықаралық конвенцияларда қарастырылған адам құқығына қатысты құқықтық құжаттарды, қазақстандық білім беру кеңістігіндегі нормативтік құжаттарды және Білім Заңын, әдебиеттану ғылымына тікелей және жанама түрде қатысты білімдік, ғылыми материалдарды пайдаланады.</p> <p>ОН-2 Әдебиеттану ғылымы бойынша бұған дейін ғылымда белгілі ғылыми нәтижелерді өзінің ғылыми жетістіктерімен тығыз ұштастыра отырып қоғам, заман талаптарына сай зерттеп отырған мәселесінің ғылыми нәтижелерін жариялы түрде жүзеге асырады.</p> <p>ОН-3 Әдебиеттану ғылымы негізінде анықталуға тиісті әдебиеттану және оған туыстас ғылым салаларының зерттеу әдістерін пайдаланады.</p> <p>ОН-4 Қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымы қол жеткізген ғылыми нәтижелерге сүйене отырып, осы заманғы ғылым талаптарына сай іргелі зерттеулер жүргізеді.</p> <p>ОН-5 Қазіргі кездегі білім, ғылым жетістіктері болып табылатын түрліше ғылыми материалдарды терең меңгеріп, шығармашылықпен түсініп қолдана алады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлай және кәдеге жарата алады.</p> <p>ОН-6 Қажет болған жағдайда әдебиеттану ғылымына қатысты болған жағдайда эксперименттік жұмыстарды теориялық біліммен ұштастыра алады.</p> <p>ОН-7 Әдебиеттану ғылымы саласы бойынша қол жеткізген нәтижелерін ұлттық және халықаралық деңгейде таныту үшін ғылыми ойлау, жобалау, жоспарлау, тексерістен өткізу және ғылыми айналымға енгізуге ат салысады.</p> <p>ОН-8 Әдебиеттану пәндеріне байланысты дәріс және семинарлық сабақтарды сауатты құра біліп, оны көпшілік алдында жеткізе білу қабілетін меңгереді.</p> <p>ОН-9 Әлемдік және ұлттық әдебиеттану ғылымының бұрынғы-соңғы ғылыми тәжірибелерін үнемі жинақтап, оны күнделікті білімдік үдеріске кіріктіріп отырады.</p>